






Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық
университеті

Психология

2-дәріс




Мандыкаева Алмагуль Рамазанқызы
Психология ғылымдарының
кандидаты, доцент м.а.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті



Мен және менің мотивациям

Дәріс жоспары



- Мотивация және өзіндік мотивация
- Мотивациялық сфераны жалпы ұйымдастыру
- Мотивтер және қажеттіліктер. Мотив түрлері. Жетекші МОТИВ
- Жетістікке жету және сәтсіздіктен қашу мотивациясы
- Мотивацияны зерттеу әдістері
- Мотивациялық сфераның бұзылуы және еңбек тиімділігінің төмендеуі. Еңбек қызметін ынталандыру.



Мотивация және өзіндік мотивация

- Мотив — бұл субъектінің қажеттілігін қанағаттандыруға байланысты қандай да бір
- іс-әрекетке итермелейтін түрткі Мотивация - адамның мінез-құлқын, оның бастамасын, бағытын, белсенділігін түсіндіретін, оның туындау себептерін сипаттайтын психологиялық феномен



Мінез-құлық детерминаттары

қажеттілік

ниет

мақсат

құндылық

талпыныс

мотив

құмарлық

арман

инстинкт

мұқтаждық

драйв

тілек

```
graph TD; A[Мотивация] --> B[Ішкі (диспозициялық)]; A --> C[Сыртқы (ситуациялық)];
```

Мотивация

Ішкі
(диспозициялық)

Сыртқы
(ситуациялық)

Өзіндік мотивация

Ішкі түрткілер:

- ☐ 1. Тұлғалық бонустар. Өз іс-әрекетін әртүрлі тәттілермен, заттармен, сыйлықтармен көтермелеу (мадақтау). Алайда, қызметті көтермелеу - бұл көтермелеу жүзеге асырылатын уақытты, жеке ресурстарды, ресурстарды босқа кетіру ретінде болмауы қажет. Өнімділік маңызды болып табылады.
- ☐ 2. Менмендік (амбиция) пен мақсат. Адекватты амбициялар мен мақсаттар.
- ☐ 3. Өз іс-әрекетінің маңыздылығын түсіну. Байсалдылықпен қарау. Туындаған проблеманы немесе іс-
☐ әрекетті дер кезінде орындамасам, қалауыма қол жеткізе алмаймын.
- ☐ 4. Үздіксіз өзін-өзі дамыту процесі мен өзіндік тұлғалық прогресстің маңыздылығын түсіну.

Басқаша

айтқанда, өзіңізге неге, нені, қалай және не үшін дамыту керектігін түсіну.

5. Жалқаулықпен күресу.

Менің мотивациям

Өзін-өзі дамыту, өсіру, жетілдіру өзіндік мотивацияның кескіні болып табылады. Себебі, адам өз бетінше жақсы болуға ұмтылады, идеалға жақындауға тырысады, өз бойында жақсы қасиеттер пайда болуы үшін еңбектенеді, оқып-үйреніп, түрлі істермен айналысады. Бұл адамның өзіндік әрекеттеріне саналы түрде басшылық жасау арқылы – өзіндік мотивация арқылы жүзеге асады.






К.Роджерс, А.Маслоу, секілді гуманист-психологтардың пікірінше, адам - өзінің өмір жолын, рухани дамуын өзі қалыптастыратын біртұтас, ерекше тұлға. Тұлғаның автономды болуы, өзіндік толысуы, психологиялық тұрғыда сау болуы (К.Роджерс) немесе өзінің алдына биік мақсаттар қойып, соны орындауға ұмтылуы (А.Маслоу) арқасында өзін-өзі жетілдіру мүмкін болады.

Адамның өмірлік
белсенділігінің
төмендігі орындалатын
(адамзаттық) іс- әрекеттің
маңызы мен мәнін
түсінбеуіне байланысты.





Психология ғылымында орындалатын іс-әрекеттерді түсініп қана қоймай, оның маңыздылығы мен мәнін сезіне білу де тұлғаның ішкі өзіндік мотивациясын айқындай түседі.



Психологтар өзіндік мотивацияның уақыттық факторына орай үш деңгейін ажыратып көрсетеді:

1 өзіндік мотивацияның жоғарғы деңгейі – шұғыл түрде қандай да бір әрекет жасау керек болған кезде, соны орындау қажеттілік деңгейі жоғары болады.

2. өзіндік мотивацияның орташа деңгейі – қандай да бір маңызды әрекет орындау керек болған жағдайда, оны орындау міндетті емес деп қажеттілік деңгейі орташа болады

3. өзіндік мотивацияның төмен деңгейі – адамға қандай да бір іс жасау ұнайды, бірақ оның эмоциялық ынталануы, орындау қажеттілік деңгейі төмен болады, эмоциялық қозу жұмылдырылмайды.

А. Маслоудың қажеттілік пирамидасы



Мотивация сферасын жалпы ұйымдастыру



Мотивацияның ғылымда зерттелінуі

Шетелдерде XX ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап К. Левин, А. Маслоу, К. Роджерс Ресейде XX ғасырдың басында А. Ф. Лазурский 1906 жылы «Очерк науки о характерах» еңбегінде мотивтер күресі мен шешім қабылдау мәселелерін қарастырған. Бұл сұрақтар қазіргі уақытта да өзектілігін жойған жоқ. Н.Н. Ланге (1914) - «қалау» - бұл әрекеттегі ерік деп көрсетті. XX ғасырдың 20 жылдары В.М. Боровский, Н. Ю Войтонис биологизаторлық тұрғыдан түсіндіреді. Л.С. Выготский баланың мінез-құлқындағы ұмтылыс пен қызығушылықтың сәйкестігі мәселесі айта отырып, мотивация психикалық дамуының кілті деп санады.

Мотивтер мен қажеттіліктер.

Мотивтің түрлері. Жетекші мотив

- Мотив – бұл белсенділік.
- Мотив - бұл заттық мақсат, яғни қажеттілікті қанағаттандыру.
- Мотив - бұл ниет.
- Мотив - бұл қажеттіліктер.
- Мотив - бұл жағдай.
- Мотив - бұл тұлғалық қасиет.
- Мотив - бұл қанағаттану.



Мотив түрлері:

- I. Мазмұнына қарай: 1. биологиялық; 2. әлеуметтік; 3. рухани.
- II. Саналылық дәрежесіне қарай: 1. саналы; 2. бейсаналы. Леонтьев: «Мотивтер көп жағдайда бейсаналы болады» - деген. Ол «мотивировка» ұғымын «адамның белгілі бір әрекетті не үшін жасайтынын түсіндіруге арналған саналы ақтауды» сипаттау үшін атап өткен.
- III. Ақиқаттылық дәрежесіне байланысты: 1. шынайы жүзеге асырылатын - бұлар саналы тұрғыда ұғыныла бермейді. 2. жалған немесе жасанды мотив - бұл мотивировка.
- IV. Маңыздылық дәрежесіне байланысты: 1. негізгі (аса маңызды, бірінші дәрежелі); 2. қосалқы - екінші дәрежелі, мотив-түрткілер (белгілі бір әрекетті қосымша ынталанырады)
- V. Мотивтер өзекті және әлеуетті болуы мүмкін. Өзекті мотив - жағдайдың өршуіне себеп болатын объективті және субъективті шарттардың жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Мұнда мотивтер саналы болуы мүмкін.
- Лидия Ильинична Божович, тұлғаның адамгершілігі, бағыт-бағдары және тұлғаның қойылым қағидаттары бойынша:
тұлғалық-қоғамдық, эгоистік және қоғамдық мәнді мотивтер деп бөлді

Мотив түрлері Анықтамалар

Ішкі мотив	Олсыртқы құбылыстармен емес, оның іс әрекеті мен субъектінің ішкі мотивтеріне байланысты, сонымен қатар оларды қозу немесе қозғыш деп атайды. Жағымды стимулға негізделген, көбінесе оны стимул деп
Жағымды мотив	те атайды. Жағымды стимулдар белгілі бір мақсат қойып жетістіктерге жету жолындағы эффектiнiң жоғарылауы болып табылады.
Жағымсыз мотив	Негативті ол жағымсыз іс-әрекеттердің мотивациясы, қиындықтар кезінде қорқыныш түрінде көрінеді. Жағымсыз мотивтердің формалары: - вербальді (сөздік) - жазалау (ескерту) - материалды санкциялар
Тұрақты мотив	Адамның қажеттіліктеріне негізделген, себебі ол көмекші күштерді керек етпейді.
Тұрақты емес мотивтер	Ол әрдайым көмекші күштерді керек етеді.


Жетекші мотив

- Негізгі, басты мотив - қандай да бір іс-әрекетті ынталандыратын бірқатар мотивтенген жағдайда туындайтын негізгі мотив.
- Қосалқы мотивтер мен түрткілер: тек іс-әрекетті бастап қана қоймай, сол әрекетті қосымша ынталандырады.
- Қажеттіліктер
- Қызығушылықтар




Қажеттіліктер

□ Біріншілік: ағзаның өмір сүруі, жаңа әсерлер



□ Екіншілік: әлеуметтік байланыстар, өзін-өзі жетілдіру



Қажеттіліктің түрлері

Биологиялық

- Баспана
- Тамақ
- Киім

Қоғамдық

- Қарым-қатынас
- Іс-әрекет

Рухани

- Білім
- Рухани өсу
- Рухани жетілу

Қажеттіліктің басқа да түрлері

- Аффiliationға қажеттілік
- Танымдық қажеттілік (біліммен озады)
- Эстетикалық қажеттілік
- Үстемдікке (биліктің) қажеттілік
- Сый-құрметке деген, өзіндік құрмет қажеттілігі
- Антиәлеуметтік мотивация
- Жетістікке жету мотивациясы
- Сәтсіздіктен қашу мотивациясы
- Альтруистікке деген мотивация (көмек, қамқорлық, қолдау)

Адамның болмысын анықтау ... ситуациясы

Өте-өте көп, өмірінің соңына дейін жететін ақша тауып алдыңыз, жұмыс істеу қажет емес, демалып саяхаттап болдыңыз, енді не істейсіз? АРЫ Қарай не істер едіңіз? Немен айналысасыз? Ерекше бір нәрсе істегіңіз келе ме? Уақытыңызды қалай өткіңіз келеді? Уақытыңызды неге жұмсар едіңіз? Ақшаңызды қайда жұмсар едіңіз? СОҢҒЫ СҰРАҚ: Бұл басқа адамдарға пайда әкелер ме еді?

Қызығушылықтар

Жетекші мотив болу себебі:

- 1) "қызығушылық" адамның өмірі мен іс-әрекетінің нақты жағдайларының әсері нәтижесінде көрінетін жеке тұлғаның субъективті қатынастарын көрсетеді;
- 2) қызығушылықтың қайнар көзі қоғамдық өмірде жатыр;
- 3) қызығушылық объективті (жеке тұлға үшін объективті әлемнің маңызды және құнды мәні) және субъективті (бір заттың сол тұлға үшін артықшылығы) бірліктен тұрады.

Қызығушылық – шындықтағы заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып, білуге бағытталған адамның біршама тұрақты жеке ерекшелігінің бір көрінісі.

Қызығушылықтың түрлері

Қызығуларөзініңмазмұны мен бағытынақарай: материалдық, танымдық, кәсіптік, эстетикалық, қоғамдық, саяси, оқырмандық, спорттық, т.б. болып келеді. Бұлардың әрқайсысы өз алдына бірнеше түрге бөлінеді. Мәселен, таным қызығулары оқуға, ғылымға қызығу, (математика, химия, биология, философия т.б.); кәсіптік қызығулар сан салалы кәсіптің түрлеріне байланысты, эстетикалық қызығулар кино, театр, музыка, бейнелеу өнеріне т.б. орай бөлініп жатады.

Жетістікке жету және сәтсіздіктен қашу мотивациясы

□ Жетістікке жету мотивациясы

Жетістікке жетудің мотивациясы- берілген тапсырманы ұқыпты, дұрыс орындауға ұмтылу, қажетті нәтижені алу.

- Позитивті мақсат
- Өз-өзіне деген сенімділік
- Оң эмоциялар
- Жетістікке жетуге ұмтылу
- Өмірлік қуаттану
- Оң психологиялық капитал

□ Сәтсіздіктен қашу мотивациясы

Сәтсіздіктен қашу мотивациясы:

- Өзін-өзі төмен бағалау
 - Нашар баға алу
 - Мұғалімдер мен ата-аналардың наразылықтары
 - мен санкциялары
 - Теріс эмоциялар
- Үйрейлену мен өзіне деген сенімсіздік

ЖЕТІСТІК МОТИВАЦИЯСЫ

Жетістікке жету мотивациясының мәні

Алғашқы рет 1930 жылдардың соңында Мюррей жетістік ұғымын адам мотивациясының қайнар көзі ретінде қарастырды. Қиындықты жеңіп, жетістікке жету оңай емес. Оны жылдам әрі, жақсы етіп орындау жолдарын табу – басты міндет. Қиындық, кедергілерді жойып, жоғары стандартқа жету. Өзін көрсетіп, өзгелермен жарысқа түсу, өз таланты мен қабілеті арқылы өз өзіне деген құрметті арттыру – жетістікке жету мотивациясы болып табылады.

Адамның кез келген іс-әрекетте жетістікке жетуі оның тек білім мен қабілеттілігіне ғана байланысты емес, оның мотивациясына да байланысты. Мотивация мен белсенділіктің деңгейі жоғары болған сайын адамды іс-әрекетке итермелейтін факторлар да көп болады. Мотивтері жоғары индивидтер көп жұмыс істеп, іс-әрекетте өте жақсы нәтижелерге жетеді.



Л.С. Выготский 1926 жылы жазған «Педагогикалық психологиясында»: адамды тәрбиелеуге болмайды, ол - өзін-өзі тәрбиелейді, ал айналасындағылар, оған тек тұлға ретінде қалыптасуына қажетті материал береді.



Жетістікке ұмтылудың тұлғалық қасиеттермен байланысы

Жетістікке жету жолындағы ұстанымдар:

1. Алдыңа мақсат қою; 2. Сені жетістік күтіп тұрғанына үміттену; 3. Іске дайын болу; 4. Адымыңды анық басу; 5. Алға ұмтылу; 6. Қорықпау, күмәнданбау; 7. Көңіліңді тоқ ұстау; 8. Жаңашыл болу; 9. Басқалармен кеңесу; 10. Тәуелсіз болу; 11. Біртұтасты бөлшектеу; 12. Жетістіктеріңнің қайдан келетінін ұмытпау.

Мотивацияны зерттеудің әдістері

Субъектіден
әртүрлі формада
сауалнама алу

Тәжірибелік әдістер

Мінез-құлықты және
оның себептерін
сырттан бағалау
(бақылау)

Проективті әдістері

Еңбек іс-әрекет мотивациясы

Адамның еңбек іс-әрекетімен байланысты мотивтер

□ Еңбек әрекеті
мотивтері



□ Мамандық таңдау
мотивтері



□ Жұмыс орнын таңдау
мотивтері



Еңбек әрекеті мотивациясы

Ынталандыру себептері



Қоғамдық сипаттағы ынталандыру. Қоғамға пайда әкелу қажеттілігін түсіну, басқа адамдарға көмек көрсету ниеті.



Өзіңізге және отбасыңызға белгілі бір материалдық пайда алу: материалдық және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін ақша табу




Өзін-өзі өзектендіру қажеттілігін қанағаттандыру. Өзгелер тарапынан құрметке ие бола отырып, қоғамдық беделге ие болу қажеттілігін қанағаттандырумен байланысты мотивтер.

Мамандық таңдаудың мотивациясы

- **Мамандық таңдау** — өте күрделі және ұзақ мотивациялық процесс: адамның өз өміріне қанағаттануы көбінесе мамандықты дұрыс таңдаумен байланысты.
- Адамның бейімділігі мен қабілеті
- Әлеуметтік құндылықтар
- Қоғамдық бедел
- Әлеуметтік әл-ауқат


ЕҰУ 1-курс студенттері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері



Орындаған: Боранбай Аяз, магистрант

Сауалнамаға қатысқан студенттер саны – 200
Мамандықтар саны – 17






Студенттердің жынысы



■ Ұлдар
■ Қыздар



Жастарына қарай пайыздық үлесі


16 жас – 2,5 %

17 жас – 40 %

18 жас – 47,5 %

19 жас – 10 %





- Аймақтану Ядролық физика
- Мемлекеттік аудит ЕТБҚ
- Әлеуметтік пед-ка ө.ө. тану
- ОПД Дизайн МЖБ Есеп/
- Аудит Туризм
- Автом.Басқару
- Биотехнология Экономика
- ИСС Геодезия/Картография
- Экология Архитектура
-
-
-
-
-
-
-

Мамандық таңдау мотивтері: зерттеу нәтижелері

- 1 Болашағы бар мамандық – 70%
 - . Қазіргі заманауи әрі тартымды мамандық – 57,5%
- 2 Осы мамандыққа байланысты жұмыстарға жақсы ақы төленеді – 50% Осы мамандыққа қабілетім бар – 42,5%
- 3 Құрметті мамандық – 40% Осы мамандыққа сай жұмыс жасай аламын – 40% Бұл мамандық ақыл-ой қабілетін дамытады – 25% Бұл мамандық көп адамдармен қатынас жасауға көмектеседі – 22,5% Бәріне ұнайтын қызықты, танымал мамандық – 22,5%
- 6 Бұл мамандыққа қатысты жұмыстар адамдарға көп пайда әкеледі – 20%
- 7 Мамандық творчестволық жұмыс жасауға көмектеседі – 20%
 - . Бұл мамандыққа қатысты жұмыстар жеңіл, ауыр емес – 20%
- 8 Мамандық мектептегі жақсы көретін оқу пәніме жақын – 17,5%
 - . Бұл мамандық өзіне тартады, бірақ неге екенін білмеймін – 15%
- 9

Жұмыс орнын таңдау мотивациясы.

- Сыртқы жағдайды бағалау(оң және теріс өндірістік факторлар)

- Өз мүмкіндіктерін бағалау

- Таңдалатын жұмыс орнын өз қызығушылықтарын ескере отырып бағалау

Бақылау сұрақтары:

- ☐ Мотивация дегеніміз не және оның қандай түрлері бар? А.
- ☐ Маслоудың қажеттіліктер иерархиясы кезеңдерін толық түсіндіріңіз.
- ☐ Мотивтердің басқа да түрлеріне сипаттама беріңіз.
- ☐ Жетекші мотив дегенді қалай түсінесіз?
- ☐ Жетістікке жету мотивациясына анықтама беріңіз
- ☐ Еңбек іс-әрекетін ынталандыруға себеп болатын жайттарға мысал келтіріңіз.
- ☐ Жетістікке жетуге кедергі жасайтын факторларды атаңыз.

Дерек көздері

- Аронсон Э. Көпке ұмтылған жалғыз [Мәтін] = The Social Animal: әлеуметтік психологияға кіріспе: [оқулық] / Э. Аронсон ; ауд. Д. Д. Дүйсенбеков [және т. б.]. - 11-бас. - Астана: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2018. - 407, [2] б. - (Рухани жаңғыру).
- Абрахам Харольд Маслоу. Мотивация и личность, Питер 2012. – 352 с.
- Майерс Д. Әлеуметтік психология [Мәтін] = Social Psychology: [оқулық] / Д. Г. Майерс, Ж. М. Туенж ; ауд. Г. Қ. Айқынбаева [және т.б.]. - 12-бас. - Астана : "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2018. - 559, [1] б.: сур. - (Рухани жаңғыру).
- Маклаков А.Г. [Общая психология учебное пособие для вузов и слушателей курсов психологических дисциплин] Питер, 2012. – 582 с.
- Ғаламтордан алынған суреттер.

Назарларыңызға рахмет!

